

**«Отбасы банк» АҚ қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату),  
және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару саясатынан үзінділер**

Алматы, 2023ж.

Саясат қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын (бұдан әрі - КЖҚ/ТҚ) таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын, мақсаттарын, міндеттері мен талаптарын айқындайды.

КЖҚ/ТҚ мақсаттарындағы ішкі бақылау жүйесі Банктің және оның қызметкерлерінің құқыққа қарсы қызметті, оның ішінде алаяқтықты, қателіктерді, дәлсіздіктерді, алдауды, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды), және терроризмді қаржыландыруды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және ешкімге талап қою құқығын қамтымайтын криптография және (немесе) компьютерлік есептеулер құралдарын қолданумен, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және ескерілетін шамалармен байланысқан операцияларды Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыруға тартылуына жол бермеу үшін уәкілетті органның нормативтік талаптарына сәйкес Банктің ішкі бақылау саясатымен регламенттелген Банктегі ішкі бақылау жүйесінің бөлігі болып табылады.

КЖҚ/ТҚ саласындағы ішкі бақылауды Банк төмендегі мақсаттарда жүзеге асырады:

- 1) Банктің КЖҚ/ТҚ туралы заң талаптарын орындауын қамтамасыз ету;
- 2) Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді (операциялық, беделді) басқару үшін жеткілікті деңгейде ұстап тұру;
- 3) Банкті, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру процестеріне тартуды болдырмау.

КЖҚ/ТҚ мақсаттарында ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру міндеттері:

- 1) КЖҚ/ТҚ туралы заңнамада көзделген ақпаратты қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға толық және уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету;
- 2) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді бағалаудың тиімді рәсімдерін қолдану;
- 3) Банктің барлық қызметкерлерінің КЖҚ/ТҚ саласындағы ішкі құжаттарды іске асыруын және сақтауын қамтамасыз ету.

Банк пен оның қызметкерлерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру немесе өзге де қылмыстық қызмет үдерістеріне тарту фактілерінің болмауы КЖҚ/ТҚ мәселелері бойынша жұмыс шеңберінде сапалық және сандық параметр болып табылады.

Банктегі КЖҚ/ТҚ мақсатындағы ішкі бақылау жүйесі Банктің үдерістері мен күнделікті операцияларына орнатылған.

Банк Қазақстан Республикасының КЖҚ/ТҚ туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдайды.

Клиентті сәйкестендіру дегеніміз клиент (оның өкілі) туралы мәліметтердің дұрыстығын тіркеу және тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы

мәліметтерді тіркеу, іскерлік қатынастардың болжамды мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ КЖҚ/ТҚ туралы заңда көзделген клиент және олардың өкілдері туралы өзге де мәліметтерді алу және тіркеу бойынша іс-шараларды Банктің жүргізуі.

Банк клиенттен (оның өкілінен) клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуын талап етуге құқылы.

Клиенттер (олардың өкілдері) Қазақстан Республикасының КЖҚ/ТҚ туралы заңнамасына сәйкес, бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, КЖҚ/ТҚ саласындағы Банктің ішкі құжаттарында көзделген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды Банкке беруге міндетті.